

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметтi жүзеге асыру қағидаларын және шарттарын бекiту туралы

Күшiн жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгi Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегi № 86 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде 2020 жылғы 23 қыркүйекте № 21243 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгi Басқармасының 2021 жылғы 25 қаңтардағы № 4 қаулысымен.

Ескерту. Күшi жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгi Басқармасының 25.01.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк жиырма бiр күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с i !

Осы қаулы 16.12.2020 бастап қолданысқа енгiзiледi

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметi туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгiнiң Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметтi жүзеге асыру қағидалары және шарттарын бекiтiлсiн.

2. Қаржы ұйымдарының әдiснамасы және реттеу департаментi Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген тәртiппен:

1) Заң департаментiмен бiрлесiп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркеудi;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейiн Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгiнiң ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттiк тiркелгеннен кейiн он жұмыс күнi iшiнде Заң департаментiне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген iс-шараның орындалуы туралы мәлiметтердi ұсынуды қамтамасыз етсiн.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2020 жылғы 21 қыркүйегі
№ 86 Қаулыға
1-қосымша

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрi – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметi туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрi – Банктер туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттiк реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шiлдедегi Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзiрлендi және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөнiндегi уәкiлеттi органның (бұдан әрi – уәкiлеттi орган) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат (бұдан әрi – рұқсат) беру тәртiбiн айқындайды. Қағидалар сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық банкiнiң филиалдарына қолданылады.

2-тарау. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру тәртiбi

2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi Банктер туралы заңның 29-бабының 12-тармағында көрсетiлген талаптарды орындаған жағдайда рұқсат алу үшiн уәкiлеттi органға жүгiнедi.

Рұқсат алу үшiн Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi уәкiлеттi органға Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай құжаттарды

қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтiнiш (бұдан әрi – өтiнiш) бередi:

1) Қазақстан Республикасының аумағында филиал ашу туралы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң шешiмi;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi туралы мәлiметтер;

3) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының бизнес-жоспары;

4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының басшы қызметкерлерi лауазымына ұсынылатын тұлғалардың құжаттары;

5) "Заңды тұлғаларды мемлекеттiк тiркеу және филиалдар мен өкiлдiктердi есептiк тiркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуiрдегi Қазақстан Республикасы Заңының 6-2-бабында көзделген құжаттар;

6) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы орналасқан елдi мекенде автоматтандырылған банктiк ақпараттық жүйеге орталықтандырылған қолжетiмдiлiгi бар меншiктi үй-жайдың болуын растайтын мәлiметтер мен құжаттар.

3. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi туралы мәлiметтер аудиторлық ұйым куәландырған соңғы аяқталған 2 (екi) қаржы жылындағы қаржылық есептiлiктi (бар болса шоғырландырылғанды қоса алғанда) қоса бере отырып, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

4. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң лауазымды тұлғасы не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi құжаттарға қол қоюға уәкiлеттiк берген тұлға бекiткен, ашылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының бизнес-жоспарында төмендегiлермен шектелмей, мынадай ақпарат қамтылады:

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының толық құрылымын, қаржылық перспективаларды (бюджет, есеп айырысу балансы, алғашқы 3 (үш) қаржы (операциялық) жылындағы пайда мен шығындар есебi, маркетинг жоспары (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының клиентурасын қалыптастыру), сондай-ақ тәуекелдердi басқаруды ұйымдастыру жөнiндегi ақпаратты ашу;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының мақсаттары мен мiндеттерiнiң сипаттамасы және ұсынуға жоспарланған қызмет түрлерi;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының қызметiн талдау (сыртқы және iшкi ортаны талдау);

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының таяу арадағы 5 (бес) қаржылық (операциялық) жылға арналған қызметiнiң, дамуының, бағыттарының стратегиясы және қызметiнiң ауқымы;

таяу арадағы 5 (бес) қаржылық (операциялық) жылға арналған толық жылдық қаржылық жоспар (негізгі қаржылық көрсеткіштердің есебі, бюджет, бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, бизнес-жоспарды қаржыландыру көздері мен көлемдері);

тәуекелдерді басқару жоспары (банк қызметін жүзеге асыруға байланысты тәуекелдерді сипаттау және таяу арадағы 5 (бес) қаржылық (операциялық) жылда оларды басқару тәсілдері);

таяу арадағы 5 (бес) қаржылық (операциялық) жылға арналған еңбек ресурстарын тарту жоспары.

5. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi резидентi болып табылатын мемлекеттiң қаржылық қадағалау органы, өзге де құзыреттi органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға немесе апостильдендірілуге тиіс. Көрсетілген құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариат куәландыруға тиіс.

6. Өтініш оған қоса берілетін құжаттармен бірге қағаз тасымалдағышта ұсынылады.

Уәкілетті орган өтінішті Банктер туралы заңның 23-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде қарайды.

7. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi ұсынған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, уәкілетті орган оларды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

8. Ұсынылған құжаттар Қағидалардың 11-тармағында көзделген рұқсат беруден бас тарту негіздерін қоспағанда, Банктер туралы заңның және Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiне оларды жою және Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулері бар хат жібереді.

Уәкілетті орган Қағидаларда көзделген, тазартулары, қосып жазулары не сызылған сөздері бар құжаттарды қарауға қабылдамайды.

9. Уәкілетті орган рұқсат беру туралы хабарламаны не рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты шешім қабылданған күннен кейінгі 4 (төрт) жұмыс күні ішінде (Банктер туралы заңның 23-бабының 1-тармағында белгіленген мерзім шегінде) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiне жібереді).

10. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берiледi.

11. Уәкiлеттi орган:

1) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң құрылтайшысы - жеке тұлғаның не Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi құрылтайшысы - заңды тұлғаның атқарушы органының не басқару органының бiрiншi басшысының:

заңда белгiленген тәртiппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болған;

қаржылық қадағалау органы банктi төлемге қабiлетсiз банктер санатына жатқызу туралы, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оны таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметтi жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соққан лицензиядан айыру не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешiмi заңды күшiне енгенге дейiн 1 (бiр) жылдан аспайтын кезеңде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң құрылтайшы - жеке тұлғасы резидентi болып табылатын мемлекеттiң заңнамасында белгiленген тәртiппен басқару органының бiрiншi басшысы, атқарушы органының бiрiншi басшысы немесе оның орынбасары, қаржы ұйымының бас бухгалтерi қызметiнде болған жағдайларда рұқсат беруден бас тартады.

Көрсетiлген талап қаржы ұйымын қалыпқа келтiру туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, қаржы ұйымын төлемге қабiлетсiз деп тану туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешiм қабылданғаннан кейiн 5 (бес) жыл iшiнде қолданылады;

2) бизнес-жоспар немесе ұсынылатын өзге де құжаттар:

алғашқы 3 (үш) қаржы (операциялық) жыл өткеннен кейiн Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы қызметiнiң рентабельдi болатынын;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының тәуекелдi шектеуге қойылатын талаптарды сақтауға және тиiстi басқару құрылымын құруға ниет бiлдiретiнiн;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының өз қызметiнiң жоспарларына сәйкес ұйымдық құрылымы болатынын;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының өз қызметiнiң жоспарларына сәйкес келетiн есептiк және бақылау құрылымы болатынын көрсетпейдi.

Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банкiнiң филиалын
ашуға рұқсат беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтiнiш

(Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атауы, бизнес сәйкестендiру нөмiрi

(болған кезде), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi өкiлiнiң тегi, аты,

әкесiнiң аты (ол болған кезде)

(өтiнiш берушiнiң осы өтiнiштi Қазақстан Республикасының бейрезидент-

банкiнiң атынан беруге өкiлеттiгiн растайтын нотариат

куәландырған немесе өзге түрде куәландырылған құжатқа сiлтеме)

(Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атауы

(кiм қабылдаған)

Қазақстан Республикасының аумағында филиал ашу туралы _____ жылғы

" ____ " _____ № _____ шешiмiне сәйкес

(Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң ашылатын _____ ашуға рұқсат берудi сұрайды

филиалының атауы және орналасқан жерi)

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң лауазымды тұлғасы не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi құжаттарға қол қоюға уәкiлеттiк берген тұлға өтiнiшке қоса берiлген құжаттар мен мәлiметтердiң дәйектiлiгiн, сондай-ақ уәкiлеттi органға осы өтiнiштi қарауға байланысты сұратылған ақпараттың уақтылы ұсынылғанын растайды.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қосымша (жіберілген құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, олардың әрқайсысы бойынша даналар және парақтар санын көрсету):

(Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң лауазымды тұлғасының не

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi құжаттарға қол қоюға уәкiлеттiк

берген тұлғаның қолы, күнi)

Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банкiнiң филиалын
ашуға рұқсат беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi туралы мәлімет _____

_____ (**Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атауы**) 20 ____ жылғы " ____ "

1. Орналасқан жері және нақты мекенжайы _____

(пошта индексі, облыс, қала, көше, телефон нөмірі)

2. Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер) _____

(құжаттың атауы, берілген күні мен нөмірі, кім берді)

3. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

4. _____

_____ жүзеге асыру құқығына лицензия.
(құжаттың атауы, берілген күні мен нөмірі, кім берді)

5. Қызметтің түрі _____

_____ (қызметтің негізгі түрлерін көрсету)

6. _____

_____ (ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг, кім берді)
өтінішін беру күніне халықаралық шәкіл бойынша Қазақстан Республикасы
бейрезидент- банкінің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі.

7. Соңғы күнтізбелік 3 (үш) жылда Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банкінде ірі

каржылық проблемалар, оның ішінде банкротқа ұшырау, консервация,
сауықтыру

болды ма _____

_____ (олардың туындау себептері, осы проблемаларды шешу нәтижелері)

8. Құрылтайшы – жеке тұлға _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

1) туған күні _____

2) туған жері _____

3) азаматтығы _____

4) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері _____

5) жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

6) тұрғылықты жері және заңды мекенжайы _____

7) телефон нөмірі (қала коды, жұмыс және үй) _____

8) білімі:

№	Оқу орнының атауы	Қабылданған жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білім туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

9) жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны және лауазымы
1	2	3	4	5

10) еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта құрылтайшы – жеке тұлғаның бүкіл еңбек қызметі, сондай-ақ тиісті басқару органдарына мүше болуы, оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ құрылтайшы – жеке тұлғаның еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезеңі көрсетіледі:

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны (егер ұйым Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, ұйымның тіркелген елі көрсетіледі)	Лауазымы	Тәртіптік ж а з а қолданудың болуы	Жұмыстан шығу, лауазымнан босату себептері
1	2	3	4	5	6

11) оларға қатысты құрылтайшы – жеке тұлға ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалары туралы мәліметтер:

№	Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасының атауы және орналасқан жері	Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасы бейрезиденті-заңды тұлғасының мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, қызметінің жарғылық түрлері (негізгі қызмет түрлерін көрсету)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе құрылтайшы – жеке тұлғаға тиесілі акциялар санының Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғасының орналастырылған акцияларының жалпы санына (артықшылық берілген және сатып алынғандарын шегергенде) арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

Ескертпе: 4-бағанда құрылтайшы – жеке тұлғаның сенімгерлік басқаруындағы үлесті, сондай-ақ иелену нәтижесінде құрылтайшы – жеке тұлға өзге тұлғалармен бірлесіп ірі қатысушы болып табылатын акциялар (үлестер) санын есептегендегі үлесті көрсету қажет;

12) құрылтайшы – жеке тұлғаның бұрын қаржылық қадағалау органы банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соқтырған қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдағанға не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе резиденті құрылтайшы-жеке тұлға болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы сот шешімі күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, жеке тұлға - ірі қатысушы, қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасының - ірі қатысушысының (банктік, сақтандыру холдингінің) басшысы болғаны туралы мәліметтер

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетіледі)

13) құрылтайшы – жеке тұлғаның бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қатарынан 4 (төрт) және одан да көп кезең бойы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешегінің сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін

құрайтын заңды тұлға – эмитенттің ірі қатысушысының (ірі акционерінің) жеке тұлға – ірі қатысушысы (ірі акционері), басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болғаны туралы мәліметтер

(иә (жоқ), ұйымның

атауы, лауазымы, жұмыс істеу кезеңі көрсетілсін)

14) құрылтайшы – жеке тұлға бұрын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң уәкiлеттi органына Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтiнiш берген күнге дейiн 3 (үш) жыл iшiнде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшiн тәрiптiк жауапкершiлiкке тартылды ма

(иә (жоқ),

құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаттамасы

жауапкершiлiкке тартылу негiздерiн көрсете отырып,

тәрiптiк жаза қолдану туралы актiнiң немесе сот шешiмiнiң деректемелерi)

15) құрылтайшы – жеке тұлғада азаматтығы бар елде немесе тұрғылықты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығының _____ жоқ екендігі туралы мәліметтерді, (иә, жоқ) құжатты қоса бере отырып растайтын, олардың азаматтығы бар елдің (олар тұрғылықты тұратын елдің – азаматтығы жоқ адамдар үшін) не құрылтайшы – жеке тұлға соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрғылықты тұрған елдің мемлекеттік органы берген құжат. Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта оның қолданылуының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің

заңнамасында олар туралы көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттар беру көзделмесе, онда тиісті растау азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) уәкілетті органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі.

Осы ақпаратты өзім тексергенімді және оның дәйектілігі мен толықтығын растаймын.

Дербес деректерді жинау мен өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болғанда)

(құрылтайшы-жеке тұлға өз қолымен баспа әріптерімен толтырады)

Қолы _____ Күні _____

9. Құрылтайшы – заңды тұлға _____

(атауы)

1) Орналасқан жері және нақты мекенжайы _____

(пошта индексі, облыс, қала, көше, телефон нөмірі)

2) мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер _____

(құжаттың атауы, берілген күні мен нөмірі, кім берді)

3) бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

4) қызмет түрі _____

(қызметтің негізгі түрлері көрсетіледі)

5) құрылтайшы – заңды тұлғаның басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні)

б) соңғы күнтізбелік 3 (үш) жылда құрылтайшы - заңды тұлғада ірі қаржылық проблемалар, оның ішінде банкротқа ұшырау, консервация, сауықтыру болды
ма _____

олардың туындау себептері, осы проблемаларды шешу нәтижелері)

7) оларға қатысты құрылтайшы – заңды тұлға ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары және Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

№	Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғасының атауы және орналасқан жері	Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғасы қызметінің жарғылық түрлері (негізгі қызмет түрлерін көрсету)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе құрылтайшы – заңды тұлғаға тиесілі акциялар санының Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғасының орналастырылған акцияларының жалпы санына (артықшылық берілген және сатып алынғандарын шегергенде) арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

Ескертпе: 4-бағанда құрылтайшы – заңды тұлғаның сенімгерлік басқаруындағы үлесті, сондай-ақ иелену нәтижесінде құрылтайшы – заңды тұлға өзге тұлғалармен бірлесіп ірі қатысушы болып табылатын акциялар (үлестер) санын есептегендегі үлесті көрсету қажет.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

20__ жылғы " __ " _____

Құрылтайшы - заңды тұлға басшысының қолы

10. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атқарушы органының бiрiншi басшысы

(атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлға)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

1) туған күні _____

2) туған жері _____

3) азаматтығы _____

4) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері _____

5) жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

6) тұрғылықты жері және заңды мекенжайы _____

7) телефон нөмірі (қала коды, жұмыс және үй) _____

8) білімі:

№	Оқу орнының атауы	Қабылданған жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білім туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

9) жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны мен лауазымы
1	2	3	4	5

10) еңбек қызметі туралы мәліметтер

Осы тармақта бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ, тиісті басқару органдарында мүше болуы), оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең көрсетіледі:

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны (қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, қаржы ұйымының тіркелген елі көрсетіледі)	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығу, лауазымнан босату себептері
1	2	3	4	5	6

11) жарғылық капиталға қатысуы немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-заңды тұлғалардың акцияларын иеленуге қатысуы туралы мәліметтер:

№	Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасының бейрезиденті - заңды	Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасының бейрезиденті - заңды	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе құрылтайшы – заңды тұлғаның атқарушы органының (ол құрылған жағдайда) бірінші басшысына (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаға) тиесілі акциялар санының Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және

	тұлғасының атауы және орналасқан жері	тұлғасы қызметінің жарғылық түрлері (негізгі қызмет түрлерін көрсету)	Қазақстан Республикасының бейрезиденті - заңды тұлғасының дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

12) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атқарушы органының бiрiншi басшысының (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның) бұрын қаржылық қадағалау органы банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оны таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соқтырған қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдағанға не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атқарушы органының бiрiншi басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, жеке тұлға - ірі қатысушы, қаржы ұйымы заңды тұлғаның заңды тұлға - ірі қатысушының (банк, сақтандыру холдингінің) басшысы болғаны туралы мәліметтер

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетіледі)

13) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атқарушы органының бiрiншi басшысының (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның) бұрын қатарынан 4 (төрт) және одан да көп кезең бойы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, жеке тұлға – ірі қатысушысы (ірі акционері), заңды тұлға – эмитенттің ірі қатысушысының (ірі акционерінің) басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болғаны туралы мәліметтер

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетіледі)

14) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атқарушы органының бiрiншi

басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) сот

талқылауларында жауапкер ретінде тартылды ма _____
(иә (жоқ),

_____ күні, сот талқылауындағы жауапкер ұйымның атауы,

_____ қаралатын мәселе және сот шешімі көрсетіледі)

15) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атқарушы органының бiрiншi басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi уәкiлеттi органға Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтiнiш берген күнге дейiн 3 (үш) жыл iшiнде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшiн тәртiптiк жауапкершiлiкке тартылды ма

_____ (иә (жоқ),

_____ құқық бұзушылықтың қысқаша сипаттамасы

_____ жауапкершiлiкке тартылу негiздерiн көрсете отырып,

_____ тәртiптiк жаза қолдану туралы актiнiң деректемелерi) Осы ақпаратты өзiм тексергенiмдi және оның дәйектi және толық болып табылатынын растаймын. Дербес деректердi жинау мен өңдеуге және ақпараттық жүйелердегi заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәлiметтердi пайдалануға келiсiмiмдi беремiн.

Тегi, аты, әкесiнiң аты (ол бар болса)

_____ (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атқарушы органының бiрiншi басшысы

_____ (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) өз қолымен

_____ баспа әрiптерiмен толтырады)

Қолы _____

Күні _____

11. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң басқару органының басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

1) туған күні _____

2) туған жері _____

3) азаматтығы _____

4) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері _____

5) жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

6) тұрғылықты жері және заңды мекенжайы _____

7) телефон нөмірі (қала коды, жұмыс және үй) _____

8) білімі:

№	Оқу орнының атауы	Қабылданған жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білім туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

9) жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны және лауазымы
1	2	3	4	5

10) еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта бүкіл еңбек қызметі, сондай-ақ (тиісті басқару органдарына мүше болуы), оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезеңі көрсетіледі:

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны (егер ұйым Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, ұйымның тіркелген елі көрсетіледі)	Лауазымы	Тәртіптік ж а з а қолданудың болуы	Жұмыстан шығу, лауазымнан босату себептері
1	2	3	4	5	6

11) жарғылық капиталға немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-заңды тұлғалардың акцияларын иеленуге қатысуы туралы мәліметтер:

№	Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасы бейрезиденті-заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасы бейрезиденті-заңды тұлғаның атауы мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, қызметінің жарғылық түрлері (негізгі қызмет түрлерін көрсету)	Жарғылық капиталда қатысу үлесі немесе құрылтайшы-заңды тұлғаның атқарушы органының, басқару органының (ол құрылған жағдайда) бірінші басшысына (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаға) тиесілі акциялар санының Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының және Қазақстан Республикасы бейрезиденті-заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

12) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің басқару органының басшысы қаржылық қадағалау органы банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соқтырған қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдағанға не Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің басқару органының бірінші басшысы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы сот шешімі күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, жеке тұлға - ірі қатысушы, қаржы ұйымы заңды тұлғаның заңды тұлға - ірі қатысушының (банктік, сақтандыру холдингінің) басшысы болғаны туралы мәліметтер

(иә (жоқ),

ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетіледі)

13) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң басқару органының басшысы бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органының басшысы, мүшесi, бас бухгалтерi, қатарынан төрт және одан да көп кезең бойы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не дефолтқа жол берiлген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешегiнiң сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерiн құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негiзгi борышты төлеу бойынша дефолттың мөлшерi республикалық бюджет туралы заңда төлеу күнiне белгiленген айлық есептiк көрсеткiштен он мың есе асып түсетiн соманы құрайтын заңды тұлға – эмитенттiң iрi қатысушысының (iрi акционерiнiң) жеке тұлға – iрi қатысушысы (iрi акционерi), басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органының басшысы, мүшесi, бас бухгалтерi болғаны туралы мәлiметтер

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс iстеу кезеңi көрсетiлсiн)

14) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң басқару органының басшысы

жауапкер ретiнде сот талқылауына тартылды ма _____

(иә (жоқ),

күнiн, ұйымның атауын, сот талқылауындағы жауапкердi,

қаралып отырған мәселенi және соттың шешiмiн көрсету)

15) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң басқару органының басшысы бұрын уәкiлеттi органға Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтiнiш берген күнге дейiн 3 (үш) жыл iшiнде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшiн тәрiптiк жауапкершiлiкке тартылды ма

(иә (жоқ), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаттамасы

жауапкершілікке тартылу негіздерін көрсете отырып,

тәртіптік жаза қолдану туралы актінің немесе сот шешімінің деректемелері)

Осы ақпаратты өзім тексергенімді және оның дәйектілігі мен толықтығын растаймын.

Дербес деректерді жинау мен өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

(Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң басқарушы органының басшысы өз

қолымен баспа әріптерімен толтырады)

Қолы _____

Күні _____

Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банкiнiң филиалын
ашуға рұқсат беру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

(Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бар бланкінде басылады)

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат

№ _____ 20__ жылғы " ____ " _____

Осы рұқсат _____

(Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атауы)

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға берілді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсаттың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау

жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы шешiм қабылдағанға дейiн заңды күшi болады.

Төраға

(Төрағаның орынбасары) _____

—
(қолы)

(тегі, инициалы)

Қаулыға
2-қосымша

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметтi жүзеге асыру қағидалары және шарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметiн жүзеге асыру қағидалары және шарттары (бұдан әрi – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметi туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрi – Банктер туралы заң) сәйкес әзiрлендi және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметiн жүзеге асыру тәртiбiн және талаптарын айқындайды.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық банктерiнiң филиалдарына да қолданылады.

2-тарау. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметтi жүзеге асыру тәртiбi және шарттары

3. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы уәкiлеттi органның тиiстi лицензиясы болған кезде Қазақстан Республикасының аумағында:

1) Банктер туралы заңның 30-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 12), 13), 14), 15), 16) тармақшаларында, 11-тармағының 1), 2), 3), 4), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетiлген банктiк және өзге де операцияларды;

2) Банктер туралы заңның 30-бабы 12-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетiлген бағалы қағаздар нарығындағы кәсiби қызмет түрлерiн жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық банкiнiң филиалы уәкiлеттi органның лицензиясы болған кезде Қазақстан Республикасының аумағында:

1) Банктер туралы заңның 52-5-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген банктік операцияларды;

2) егер бұл филиал туралы ережеде көзделсе Банктер туралы заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, Банктер туралы заңның 30-бабы 2-1-тармағының бірінші бөлігінде (Банктер туралы заңның 30-бабы 11-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген операцияларды қоспағанда) көзделген банк операцияларының және өзге де операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы өз қызметiнде Банктер туралы заңның 75-бабының 4-тармағын басшылыққа алады.

5. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы банк қызметiн операцияларды жүргізудiң жалпы талаптарын айқындайтын қағидалар және iшкi қағидалар болған кезде ғана жүзеге асырады.

6. Операцияларды жүргізудiң жалпы талаптары туралы қағидаларды Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң тиiстi басқару органы бекiтедi.

7. Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерi филиалының Операцияларды жүргізудiң жалпы талаптары туралы қағидаларын Банктер туралы заңның 52-2-бабының 3-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып , Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкiнiң тиiстi басқару органы бекiтедi.

8. Барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру мынадай негiздердiң кез келгенi бойынша жүргiзiледi:

1) Банктер туралы заңның 48-бабы 1-тармағының 1), 4), 5), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделген негiздер;

2) қаржылық қадағалау органының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi резидентi болып табылатын мемлекеттiң сотының Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң барлық немесе жекелеген мәні бойынша ұқсас банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруы не одан айыруы;

3) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi резидентi болып табылатын мемлекет сотының Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiн мәжбүрлеп тарату (қызметiн тоқтату) туралы шешiм қабылдауы.